

Алакөл ауданында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы (кәдеге жарату мен қайта өндөуді есепке алмағанда)

Жетісу облысы Алакөл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 3 мамырдағы № 30-3 шешімі

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген) бүйрығына сәйкес, Алакөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алакөл ауданында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге (кәдеге жарату мен қайта өндөуді есепке алмағанда) арналған тарифтер осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алакөл ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алакөл аудандық мәслихатының төрағасы

Д.Е. Каримов

Алакөл аудандық мәслихатының 2024

жылғы "3" мамырдағы № 30-3

шешіміне №1 қосымша

Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер Алакөл ауданындағы жеке тұлғалар үшін (кәдеге жарату және қайта өндөуді есепке алмағанда)

№	Атауы	Есептеу бірлігі	Бағасы ай (тенге)
1 1	Косымша күн салығын есепке алмағанда, абаттандырылған үй-жайлардың тұрғындары үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тариф	1 тұрғын	279
	Абаттандырылмаған үй-жайлардың		

2	тұрғындары үшін қосымша құн салығын есепке алмағанда тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауга, әкетуге және көмуге арналған тариф	1 тұрғын	263,59
---	--	----------	--------

Алакөл аудандық мәслихатының 2024

жылғы "3" мамырдағы № 30-3

шешіміне №2 қосымша

Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер Алакөл ауданындағы занды тұлғалар үшін (кәдеге жарату мен қайта өндөуді есепке алмағанда)

№	Атауы	Есептеу бірлігі	Тариф, теңге
1	Қосылған құн салығын есепке алмағанда, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тариф	1 м3	1540,49

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК